

«Baby City» ЖШС

«Бекітемін»
«Baby City» ЖШС директоры
Сулимова М.К.

27.09.2021 ж. №1 педагогикалық
кеңестің шешімімен



**«Кішкентай зерттеушілер» вариативтік компонентінің
перспективалық жоспары
2021-2022 оқу жылы
«Балдаурен» ортанғы тобы**

Атырау қаласы

Түсіндірме жазба

Вариативтік компонент

«Кішкентай зерттеушілер» Ортаңғы топ (3-4 жас) 1 сағат

Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес екінші ортаңғы топ 3-4 жаста вариативтік жүктеменің жалпы апталық көлемі; 1 сағат

Кішкентай зерттеушілер

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін қолдануда көмек көрсету.

Міндеттері:

- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін зерделеу;
- ұйымдастырылған оқу қызметінің шеңберінен тыс тақырыптық бағыт, балалардың қызығушылықтары бойынша топтарда заттық-кеңістіктік ортаны қамтамасыз ету;
- оның даралығына сәйкес тәрбиеленушінің тұлғасын дамыту;
- белгілі білім беру ұйымының білім беру процесі жүзеге асырылатын аймақтық, демографиялық, климаттық жағдайларды ескеріп, білім беру процесін үйлестіру;
- балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, жағдай жасау;
- дарынды балалармен жұмысқа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қажеттіліктері нақтыланады;
- Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін жүзеге асыру мәселелері бойынша педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерінің деңгейі артады;
- дарынды балаларды табу, тақырыптық бағыт, топтағы балалардың қызығушылықтары бойынша әдістемелік материал жұмыс жоспарының вариативтік компоненттеріне сәйкес жүйеленеді;

Қорытынды

Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді меңгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге үйрету маңызды. Вариативтік компонент оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады.

Вариативтік компонент: «Кішкентай зерттеушілер»

	Өтпелі тақырып		Апталық тақырыбы	Мақсаты
1 апта	1 «Балабақша»	«Менің балабақшам»	Құмға балабақша бейнесін салу	Балаларды құммен таныстыру. Құмның ерекшелігімен, қасиетін айту, таныстыру. Саусақ моторикасын дамыту және құм үстінде балабақша бейнесін салуды үйрету. Балалардың тыңдай білу қабілеттерін дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
2 апта		2 «Менің достарым»	Достарыма арнап бәліш жасаймын	Достық туралы білімдерін кеңейту. Досына арнап бәліш жасауға үйрету. Құммен жұмыс істеуге дағдыландыру. Сенсорлық қабілетін жетілдіру. Достыққа, ұжымдыққа тәрбиелеу.
3 апта		3 «Менің сүйікті ойыншықтарым»	«Қуыршақты шомылдырамыз»	Балаларды ойын үрдісінде судың қасиеттерімен таныстыру. Судың суық немесе ыстық, оларды араластырса жылы су пайда болатындығын қарапайым тәжірибе жасау арқылы ұғындыру. Жылы суға қуыршақты жуындыра отырып, онымен қалай ойнау керек екенін түсіндіріп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Эстетикалық талғамдарын кеңейту.
4 апта		4 «Жиһаздар»	Балшықтан жасалған жиһаз	Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту. Топ және үй жиһаздары олардың қажеттілігі жайлы білім беру. Балалардың жиһаздарға деген қызығушылықтарын арттыру және жиһаздардың құрылысын атау. Балшықты илеу арқылы және алақан арасына салып жалпақтау арқылы жиһаздар жасауға үйрету. Жиһаздарға ұқыпты болуға, оларды сындырмауға, күтуге тәрбиелеу.
1 апта	2 «Менің отбасым»	1 «Менің отбасым, ата-аналарыңбегі»	«Гүл отырғызу»	Балаларға өз отбасы мүшелері олардың қайда, кім болып жұмыс жасайтыны туралы білімдерін кеңейту. Отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге және балабақшамен байланыса отырып, гүл отырғызуға баулу. Отбасы мүшелерін құрметтеп, жақсылық жасауға тәрбиелеу.
2 апта		2 «Менің көшем»	Менің көшемнің шамдары	Балаларға өзі тұратын көшесі туралы түсініктерін кеңейту. Ойын үрдісінде балаларды құмның қасиетімен таныстыру. Түрлі түсті құмдарды домалақтау әдісімен шамдар жасау. Жасалған шамдарды тізбектете қоюға үйрету.
3 апта		3 «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	«Батады - батпайды»	Балаларға өз өмірінің қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейту. Қауіпке әрдайым дайын болуға, оны көре білуге, қауіпті жерлерден сақ болуға үйрету. Сумен ойнау үрдісінде балаларға білім беру, ауыр заттар батады, ал жеңіл жүзеді.
4 апта		4 «Алтын күз»	«Күз» жаңбыр тамшылары.	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат құбылыстарын сезінуге, оны қорғауға баулу. Су тамшысын бақылау. Тамшы көлемін, дыбысын бақылау.

1 апта	3 «Дені саулық жаны сау»	1 «Өзім туралы»	«Кімнің іздері» (серуенде өткізіледі)	Балалардың өзін-өзі таныстыра білуді, ізденгіштігін, байқаушылығын дамыту; үлкен және кіші іздерді атауға және айыруға икемділігін арттыру, ол кімнің ізі екенін анықтай отырып, зейінділікке баулу. Ойын барысында ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.
2 апта		2 «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Жуа отырғызу»	Балаларға ең бірінші байлық – денсаулық екендігін түсіндіру және дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын әңгімелеу. Дәрумендердің адам денсаулығына пайдалы екенін айту, білімдерін жүйелеу, салауатты өмір сүруге үйрету. Жуа отырғызуда тәжірибе жасауға үйрету.
3 апта		3 «Өзіңе және өзгелерге көмектес»	«Су асты әлемі»	Балалардың аквариум балықтары туралы білімдерін қалыптастыру. Балықтарды бақылай білуге ынталандыру. Судың қасиетімен таныстыру. Суды ластамауға, табиғатты аялауға баулу. Тыныс алу дағдысын қалыптастыру.
4 апта		4 «Біз күштіміз, ептіміз»	«Құмда саусақпен сурет саламыз.»	Балаларды құммен ойналатын әр түрлі әдіс-тәсілдермен таныстыруды жалғастыру. Құмда саусақпен сурет салу арқылы саусақ моторикаларын дамыту. Ойлау қабілеттерін жетілдіру. Құммен ойнауда балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
1 апта	4 «Менің Қазақстаным»	1 «Тарихқа саяхат»	«Құм қаласына саяхат»	Көріп сезіну арқылы балалардың сөзік қорын, танымдық қабілеттерін дамыту. Балалардың ақыл-ой белсенділігін күшейтіп, шапшаңдыққа ,құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу көрсете отырып, құммен ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру.
2 апта		2 «Туған өлкем»	«Құмда таяқшамен сурет саламыз.»	Балаларды құммен ойналатын әр түрлі әдіс-тәсілдерді таныстыруды жалғастыру-құмда саусақпен және таяқшамен сурет салуды, суретті өшіріп қайта салуды.
3 апта		3 «Нұрсұлтан – Отанымыздың жүрегі»	«Бәйтерек» балшықтан	Балаларға Елордамыз Астана жайлы түсінік беру. Бәйтеректің биіктігін атау және балшықты илеу арқылы бейне жасауға үйрету. Астана қаласына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.
4 апта		4«Тәуелсіз Қазақстан» (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	«Күн көзінде қонақта»	Тәуелсіз Қазақстан жасай берсін деген ниетпен құм үстінде күннің бейнесін салуға үйрету. қол моторикасын және ойлау қабілеттерін дамыту.Отанды жерін сүюге тәрбиелеу.

1 апта	5 «Табиғат әлемі»	1 «Айналамыздағы өсімдіктер»	«Гүлді алаң»	Балаларға топтағы бөме өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүйеге тәрбиелеу.
2 апта		2 «Жануарлар әлемі»	«Аю үшін самсалар»	Балаларды жануарлардың атын дұрыс атауға үйрету және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Тәжірибе жасау процессінде балалардың танымдық белсенділігін жетілдіру. Жануарлардың түрлеріне көңіл аудартып, сүйіспеншілік сезімдерін арттырып оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
3 апта		3 «Құстар – біздің досымыз»	«Біз құстарды қалай қоректендірдік?»	Құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғымды кеңейту. Құстарға тән ерекшеліктерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Құммен жұмыс жасауға жаттықтыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына деген қамқорлыққа баулу.
4 апта		4 «Ғажайып қыс»	«Қар» қыс мезгілінің ерекшеліктері мен таныстыру.	Қардың қасиеттері: суық, түсі ақ, қардан күлшелер, тоқаштар, қар түйіршіктерін жасауға болатыны, жылы бөлмеде қардан су пайда болатыны туралы білімдерін қалыптастыру. Танымдық белсенділіктерін арттыру.
1 апта	6 «Бізді қоршаған әлем»	1 «Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары)	Суды бақылау.	Балаларға «Өлі және тірі табиғат» және оның ерекшеліктері туралы түсінік беру. Судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Судың тіршілік көзі екендігі туралы мағлұмат бере отырып, табиғатты аялай білуге, табиғат байлығын қорғауға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
2 апта		2 «Көліктер»	«Ұзын-қысқа жолдар»	Балаларға жер асты, әуе, су көліктері туралы түсінік беру. Жер үсті көліктерінің түрлері: жолаушы, жүк тасымал, арнаулы көліктер болып бөлінетінін түсіндіру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру. Құм үстінде саусақпен жол салғыза отырып, қол моторикасын дамыту. Көшеде, жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.
3 апта		3 «Электроника әлемі»	«Компьютер мектебі»	Балаларға компьютерлік ақпараттар көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру, қызығушылығын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін ойын арқылы туындату, қызықты ойындар көрсету. Өз бетімен, шығармашылықпен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.
4 апта		4 «Мамандықтың бәрі жақсы»	Біздің дәрігер-адам жанының арашасы	Балаларға мамандық туралы түсінік беру. Дәрумендердің адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы айту. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Дәрігердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Құммен жұмыс істеуге ынталандыру.

1 апта	7 «Салттар мен фольклор»	1 «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	Құм үстіндегі оюлар	Қазақ халқының әдет - ғұрпы мен салт - дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру. Ою өрнек түрлерімен таныстыру. Құм үстінде саусақпен қазақтың оюларын салуға үйрету. Өзінің отанын жерін сүйуге тәрбиелеу.
2 апта		2 «Ертегілер Елінде. Театр әлемі»	«Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні түсініп, тыңдай білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын дамытып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларды құммен жұмыс істеуге ынталандыру. Ұқыптылыққа баулу. Танымдық қабілеттерін арттыру. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
3 апта		3 «Өнер көзі халықта»	Әжем жасаған құрт	Ұлттық тағамдар жайында түсінік беру. Сүттен жасалатын тағамдармен таныстыру. Құрттың жасалу жолдарын көрсету арқылы қолдың, саусақтың бұлшық еттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Белгілі бір пішінге келтіріп құрт жасау дағдыларын қалыптастыру.
4 апта		4 «Нұр төккен, гүл көктем»	«Сипалау арқылы тауып көр»	Көктем мезгілінің құбылыстары, табиғатта болатын өзгерістерімен таныстыру. Балалардың сезімін ойын арқылы дамыту, «құрғақ, дымды, дымқыл» сөздерінде балалардың тілдік белсенділігін арттыру. Табиғатты қорғай білуге қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.
1 апта	8 «Біз еңбекқор баламыз»	1 «Аялайық гүлдерді»	Табиғат бұрышындағы «Гүлдерді күтеміз»	Балаларға дала гүлдері мен бөлме гүлдерімен оны күтудің ережелерімен таныстыру. Гүлдердің құрылысын білу, гүлдердің отырғызылуын, тәжірибе жасау, өсуін бақылау. Бөлме гүлдеріне қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, әдептілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
2 апта		2 «Ас атасы – нан»	«Нан қоқымын шашпандар»	Диханшылардың еңбегімен таныстыру. Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.
3 апта		3 «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	«Көбелек қуамыз»	Жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру. Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету. Балаларға табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу.
4 апта		4 «Еңбек бәрін жеңбек»	Ойын алаңындағы арам шөптерді жұлуды	Балаларды ойын алаңын таза ұстауға және табиғаттағы өсімдіктердің өсуіне кедергі келтіретін арам шөптерді жұлуды үйрету. іс тәжірибе кезінде шөптердің жұлуды болатын және жұлуды болмайтындығына айту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

1 апта	9 «Әрқашан күн сөнбесін!»	1 «Достық –біздің тірегіміз» (халықтар достығы)	Сумен ойын-тәжірибе.	Судың қасиетімен таныстыру. Су мөлдір екенін көрсету; оны басқа түске бояуға немесе лас су қылуға болады; ол дәмге шырын, сүт және тағы басқа сұйықтардан ерекшеленетіндігі туралы тәжірибе арқылы мағлұмат беру.
2 апта		2 «Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)	«Кішкентай құмшылар»	Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысында батырлардың ерліктері жайында айту. Балаларға құмның өзіне тән тәсілдерін көрсету: ұсақ елекшелердің көмегімен, тастарға ұқсас құм тастардан және кішкентай ұнтақтар тұратынын көрсетіп, мағлұмат беру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.
3 апта		3 «Көңілді жаз»	«Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама»	Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы білімдерін кеңейту. Танымдық, шығармашылық қасиеттері мен қызығушылығын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.
4 апта		4 «Мен жасай аламын»	Су не үшін керек?Тәжірибе жасау	Су – тіршілік көзі екенін, оның пайдасын, ерекшеліктерін, қасиеттерін айту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Су терапиясы арқылы табиғат сырын ұғынуға, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болып, бірлесіп жұмыс жасай білуге үйрету.

